

**Бөрлі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 сәуірдегі №23-11 "Бөрлі ауданы Бөрлі ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 12-5 шешімі. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 маусымдағы № 15-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 06.06.2024 № 15-6 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Бөрлі аудандық мәслихатының "Бөрлі ауданы Бөрлі ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 23-11 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5193 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бөрлі ауданы Бөрлі ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-3-бабының 3-1-тармағына сәйкес әзірленді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жиналыс жергілікті маңызы бар ағымдағы мына мәселелер:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарау;

Бөрлі ауылдық округі бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты (бұдан әрі – ауылдық округ әкімінің аппараты) Бөрлі ауылдық округінің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі шешімдерін келісу;

Бөрлі ауылдық округі бюджетінің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналысқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

Бөрлі ауылдық округі бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

Бөрлі ауылдық округі коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

Бөрлі ауылдық округінің әкіміне кандидат ретінде тіркеу үшін аудандық сайлау комиссиясына одан әрі енгізу үшін Бөрлі ауданы әкімінің (бұдан әрі – аудан әкімі) Бөрлі ауылдық округінің әкімі (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі) лауазымына ұсынған кандидатураларын келісу;

Ауылдық округ әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері бойынша өткізіледі. ";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңның 39-3-бабы 3-тармағының 4-3) тармақшасында көзделген, жиналыстың шақырылу уақыты, орны туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей хабардар етілетін жағдайды қоспағанда, жиналыстың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен хабардар етіледі.

Ауылдық округ әкімінің аппараты жиналыстың мүшелеріне және әкімге жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында ұсынады. ";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жиналыс өз өкілеттігі шеңберінде шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда, жиналыстың төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен рәсімделеді, онда:

- 1) жиналыстың өткізілген күні мен орны;
- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;
- 4) жиналыстың төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және хаттамада ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі қамтылған жағдайларды қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

Ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселеге бастамашылық жасау туралы шешімі бар жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасына жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және бес жұмыс күні ішінде аудандық мәслихаттың қарауына беріледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жиналыс қабылдаған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Әкімдер жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімімен келіспейтіндігін білдіруге құқылы, регламенттің 2-тарауында көзделген тәртіппен осындай келіспеушілік тудырған мәселелерді қайта талқылау арқылы шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрған әкім аудандық мәслихаттың отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді."

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*К. Еремекбаев*